

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

7 қараша 2023 ж.

№9

Атырау қаласы

Мемлекеттік органдардың азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылын дамыту және үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік тапсырыстарды орындау сапасы мен тиімділігін зерделеу қортындылары туралы

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Атырау облысының Қоғамдық кеңесі Мемлекеттік органдардың азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылын дамыту және үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік тапсырыстарды орындау сапасы мен тиімділігін зерделеу қортындылары туралы Ішкі саясат басқармасы басшысы Г.Сүйеуованың баяндамасын тыңдап, талқылап **ҚАРАП ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының басшысы Г.Сүйеуованың баяндамасы қаперге алынсын.

2. Атырау облысы Ішкі саясат, Денсаулық сақтау, Білім беру, Мәдениет және тілдерді дамыту, Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармаларына:

1) Мемлекеттік органдардың азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылын дамыту және үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік тапсырыстарды орындау сапасы мен тиімділігін арттыруды одан әрі дамыту;

2) Гранттық жобалардың ұзақ мерзімді болуына баса мән беру.

Атырау облысы әкімі аппаратына:

1) Үкіметтік емес ұйымдардың кездесу, тәжірибе алмасуын жетілдіру мақсатында ғимаратпен қамтамасыз ету.

Атырау облысы Ішкі саясат басқармасына:

1) Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының Азаматтық орталығы мен үкіметтік емес ұйымдардың байланысын одан әрі жетілдіру;

4) Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстардың техникалық сипаттамасын алдын-ала қоғамдық кеңеске ұсыну;

5) Жыл қорытындысымен Азаматтық орталық алаңында жоба алған үкіметтік емес ұйымдардың бұқаралық ақпарат өкілдерінің қатынасуымен есеп беруін ұйымдастыру;

6) Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қабылдайтын және бекітетін мамандардың әлеуметтік жобаларды мониторингтеу және бағалау туралы біліктілігін арттыру үшін жұмыстарды жүргізу;

7) Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстардың жүзеге асу барысын әлеуметтік желілерді жариялап отыру;

8) Мемлекеттің әлеуметтік тапсырыс бойынша ақпаратты толықтырып, қоғамдық кеңеске 30 қарашаға дейін жолдау;

9) Осы қарадың орындалысы туралы облыстық қоғамдық кеңесте жылына 1 рет есеп беру ұсынылсын.

Қоғамдық Кеңес төрағасы



М.Ізбасов